

КИНЭУ

BILIM BOSTANDYK ORKENDEU

ISSN 1684-9310

научно-
производственный
журнал

НАУКА

1 март
2015

2015 ж., наурыз, № 1
№ 1, март 2015 г.

Жылына төрт рет шығады
Выходит 4 раза в год

М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетінің ғылыми журнал-өндірістік журналы.
Многопрофильный научно-производственный журнал Костанайского инженерно-экономического университета им. М. Дулатова

Меншік иесі:

М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті

Собственник (Учредитель):

Костанайский инженерно-экономический университет им. М. Дулатова

Журнал 2001 ж. бастап шығады. 26.06.2001 ж. Қазақстан Республикасының Ұлттық білім және ғылым министрлігінде тіркелген № 2086-Ж куәлігі.

Журнал шығатын с 2001 г. Зарегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан свидетельства о регистрации издания за № 2146-III от 26.06.2001г.

Мнение авторов не всегда отражает точку зрения редакции. Редакция не гарантирует и не несет ответственности за достоверность предоставленных материалов ответственность несет автор. При перепечатке материалов ссылка на журнал обязательна. Редакция оставляет за собой право на отклонение публикацию статей не соответствующую установленным требованиям без объяснения причин.

Согласно договора № 65 от 16 августа 2011 года предоставленного сведения об импакт-факторе за 2010 год журнал «Наука», по данным Казахстанской базы цитирования АН Республики Казахстан, научно-технической информации РК имеет импакт-фактор, равный 0,015.

ISSN 1684-9310

© М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті
© Костанайский инженерно-экономический университет им. М. Дулатова

Главный редактор
ИСМУРАТОВ С.Б. д.э.н.,
профессор, академик МААО
(г. Костанай)

Заместитель гл. редактора
МУРАТОВ А.А., к.с.-х.н.,
доцент, чл. корр. МААО
(г. Костанай)

Члены редколлегии:
АСТАФЬЕВ В.Л., д.т.н.,
профессор, академик,
член-корр. КАСХН
(г. Костанай)
БАЙМУХАМЕДОВ М.Ф., д.т.н.,
профессор (г. Костанай)
ВАШАКИДЗЕ А.А., д.т.н.,
профессор (г. Тбилиси)
ГОРШКОВ Ю.Г., д.т.н.,
профессор (г. Челябинск)
ДЕЙНЕГА В.В., к.т.н.,
профессор, академик МААО
(г. Костанай)
ЖУНУСОВ Б.Г., д.э.н.,
профессор (г. Кокшетау)
КЕНДЮХ И.Г., д.э.н.,
профессор (г. Петропавловск)
КОНДРАТОВ А.Ф., д.т.н.,
профессор (г. Новосибирск)
ЛАЗАРЕНКО В.Н., д.с.-х.н.,
профессор, академик МААО
(г. Троицк)
ПИОНТКОВСКИЙ В.И., д.в.н.,
профессор, академик МААО (г.
Костанай)
САЛАМАТОВ А.А., д.п.н.,
доцент, (г. Челябинск)
САТУБАЛДИН С.С., д.э.н.,
профессор, академик НАН РК
(г. Алматы)
СТЕЛЬМАХ В.В., к.мед.н.,
главный врач Костанайской
областной больницы
(г. Костанай)
ТРИФОНОВА М.Ф., д.с.-х.н.,
профессор, академик МААО
(г. Москва)
ШАЯХМЕТОВ Б.Д., д.э.н.,
профессор, академик МААО
(г. Костанай)

№ 1 (53)

СОДЕРЖАНИЕ

2015

**БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ И НАУКИ ПО ТЕХНОЛОГИИ ПРОИЗВОДСТВА
И ПЕРЕРАБОТКИ ПРОДУКЦИИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО
ПРОИЗВОДСТВА**

- Онгарбаева Н., Нургожина Ж.К.* Қазақстанда өндірілетін тритикале дақылдың наубайханалық кабілетін зерттеу..... 5
Онгарбаева Н. Нургожина Ж. К. Кішігірім діірменде бидайдан сұрыптық ұн тартуда жармалық өнімдердің пайда болу үрдісін қарастыру..... 7
Кехтер И. В. Анализ сроков хранения творога в зависимости от упаковки..... 12

ОБЩЕСТВЕННЫЕ НАУКИ, ИСТОРИЯ, ФИЛОСОФИЯ

- Құлбаева М.М.* Махамбет қолданысындағы көріктеу құрадарының қолданысы 16
Испандиярова А.Т. Көркем прозада ұлттық танымның берілуі..... 18
Абылбекова Б.Т. Фразеологизмдердің құрылымдық тұрақтылығы мен мағыналық сипаты..... 21
Товбин К.М. Религиозная гальванизация как постсекуляризация..... 24

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

- Vazarbekova D* Cognitive styles as a basis for student-centered learning a language... 29
Байспай Г.Б. Ғылыми білім беру кәсібін басқарудың ақпараттық жүйесі..... 34
Игембаева А.Е., Рахимова А. Инженерная педагогика – основа профессиональной подготовки инженеров..... 38
Себряева Н.С. Организация процесса обучения физической и коллоидной химии на основе кейс-метода 42
Себряева Н.С. Самостоятельная работа как основа повышения качества профессиональной подготовки студентов..... 47
Ельчибекова А.А., Сальжанова А.С., Курманова А.Ф. Квантово-химические исследования протолитической способности этилендиамин..... 51
Тенчурина Л.З. О проблемах профессионального образования и трудоустройства молодежи в малых городах..... 56
Постоян Т.Г. Содержательно-целевой аспект организации научно-образовательного центра подготовки кадров в структуре виноградарского кластера..... 59
Нурсейтова А.А. Көркем шығармалардағы мақал-мәтелдер лексикасының өзгерістері (а.байтұрсынов шығармалары бойынша)..... 63
Чернявская О.М., Мадин В.А. Электронные ресурсы как средства обучения инновационной образовательной среды..... 66
Мукашева Р.А. С. Мұқанов прозасындағы эпитеттердің қолданылу ерекшеліктері..... 69
Сарманова Ф.Т. Жарнама тілі саласы қазақ тілінде жаңа сала деп қарастыруға болады..... 72
Гладкова В. Н. Профессиональное самосовершенствование руководящего состава высших учебных заведений..... 74
Долженков О.А. Изучение юридических аспектов управления образовательным учреждением в структуре формирования правовой компетентности менеджеров образования..... 78
Бакенова М.Б. Дидактика e-learning: разработка дидактического дизайна..... 83
Шаматова Б.А. Халықтық педагогика – тәрбиенің қайнар бұлағы..... 87
Жақыпова Ғ.М., Иманғалиева Б.К., Оқанова М.И. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту..... 90

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА – ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ

Шаматова Б.А.

*А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Тілдік даярлау орталығының оқытушысы*

Мақалада жеке тұлғаны тәрбиелеуде халықтық педагогика әдістері мен құралдарының қолданылу мүмкіндіктері көрсетілген.

В статье показаны возможности использования средств и методов народной методики в воспитании личности.

In the article they are shown the possibilities of using the basic tools and methods of folk pedagogy in character education.

Халықтық педагогика – тәрбиенің қайнар бұлағы. Бұл өте дұрыс, себебі жас ұрпақтың тәрбиесі – халықтың ең қымбат байлығы. Халық өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесін дұрыс түсінген. Қаншама заман өтсе де, маңызын жоймаған, халықтық педагогиканы тәлім-тәрбиенің түп қазынасына айналдыру – ата-ананың да, мектеп ұйымының да басты борышы. Қоғамның барлық тарихи даму кезеңдерінде халық педагогикасы жайлы ұғымды анықтау, әр түрлі ғылыми-педагогикалық көзқарастарды қалыптастыру проблемаларына көптеген ғалымдар, педагогтар көңіл аударды, құнды пікірлер айтты, өмірлік мұра қалдырды.

Халықтық педагогика кейінгі өткен данагөй қариялардан, ғұлама ойшылдардан, шешен-билерден, батырлар мен ақын-жыраулардан, бақсы- балгерлерден, сал-серілерден мұра, мирас болып қалған ұлы тәрбие құралы, халық тәлімі, жиынтығы. Ол даналыққа толы мақал-мәтелдер, ол түн ұйқысын төрт бөлген ананың ыстық махаббатқа толы әлдиі, бесік жырлары, балдырғанның балдай тәтті тіліне арналған тақпағы, жұмбағы, жаңылтпаштары, киял-ғажайып ертегілері мен жырлары, думаны мол балалық шақтың қызығы – ұлттық ойындар, мерекелер мен тойлар.

Халқымыздың арғы-бергі тарихы мен дәстүрін, тарихи асыл мұраларын біліп, қастерлеп, бүгінгіміз бен келешегіміздің құнарлы топырақ, нәрлі қайнарына айналдыру өмір қажеттілігі, адамзаттық, перзенттік парызымыз. Бүгінгі ұрпағымыздың бойына халқымыздың ғасырлар бойы қастер тұтып келген ар-намыс, атамекен, ана тіліне сүйіспеншілігі, әдет-иба, қайырымдылық, үлкенді және ата-ананы сыйлау, құрметтеу қасиетін дарыту – олардың өз еліне өгей тартып кетпеуінің басты шарты. Сондықтан ұрпақ тәрбиесі жайындағы озық ұлттық мұра – халық педагогикасын оқу-тәрбие процесіне енгізіп, соның негізінде ізгілікті тәрбие беру аса маңызды міндет деп білу керек. Бұл салада халықтық тәлім-тәрбиесінің асыл қағидаларын жан-тәнімен сезініп, өмірге енгізіп жатқандар қатардағы оздеріңіз сияқты – педагог ұстаздар. Баланы ұлттық дәстүрлер негізінде тәрбиелеу – жауапты да, күрделі міндет, оны іске асыру, бала туғаннан бастап, әулет, отбасы, балабақша, мектеп болып, үздіксіз іске асыратын процесс. Сондықтан біздің мақсатымыз мектептегі оқу-тәрбие тұжырымдамасын негізге ала отырып, тіл үйрету жұмысының мазмұнын қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесіне мұра болып келе жатқан ұлттық дәстүріне, тұрмыс салтына, әдет-ғұрпына, әдебиетіне, өнеріне лайықтап құру.

Оқу-тәрбие жұмыстарын халықтық тәлім-тәрбие негізінде, жүйелі түрде жоспарлау, халықтық педагогиканың элементтерін пайдалана отырып, баланы қазақ тілінде сөйлеуге, ізгілікке, инабаттылыққа, кішіпейілділікке баулу, өмірдегі жақсы-жаман әрекеттерді ажырата білуге үйрету. Ойлау, сөйлеу, қабылдау процестерін дамыту. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту, тек қана тіл үйрету емес, сонымен қатар ұлы көшпелі халықтың тарихымен, қайталанбас өзіндік мәдениетімен, әдебиетімен, салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, жақсы қасиеттерімен таныстыру мен ұштастыра жүргізілсе, жаңалыққа, жақсылыққа жаны құмар, ең алдымен ұлты басқа балалардың қазақ тілі сабағына ынта-

ықыласын арттырады, қызықтырады. Халқымыз өзінің тарихын жалғастыратын жас ұрпағын адалдыққа, әділдікке, адамгершілікке, мейірбандылыққа үндеп отырады. Бұл ретте ғасырлар бойы қолданылып, сұрыпталып тұрмыс, өмір тәжірибесі сынынан өткен салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен халықтық тәрбие басшылыққа алынатыны мәлім. Бірақ дәстүрдің де «озығы бар, тозығы бар» деп халқымыз ең озық дәстүрлерді дәріптеп, жақсы қасиеттермен байытып, ұл-қыздарының бойына дарытып отыруға тырысқан. Дәстүрлі халық тәрбиесінің тәжірибесіне көз салсақ, балаға тәрбие беру ісі жан-жақты тіл үйрету, ақыл ойын өсіру, денесін жетілдіру, еңбекке баулу, ең бастысы адамгершілік ізгі қасиеттерді сіңіру бағытында жүргізілгенін көреміз. Халық педагогикасының нәрімен суарылып өзінің тәрбиелік мәнін жоғалтпай келе жатқан киелі мұра-фольклор. Ол рухани уыз бесік жырлары, жұмбақ-жаңылтпаштар, ауыз әдебиетінің құндылықтары, сазды әуендер, ұлттық ойындар, сәндік қолданбалы өнер туындылары.

«Тәрбие бесіктен басталады» - деп бағалаған халқымыз. Балаға өмір сыйлаған ана тал бесігін тербетіп отырып ананың ішкі монологі – «Бесік жырын» айтып бар аналық мейірімін, сүйіспеншілігін, көңілдегі ой- арманын, мақсат тілегін білдірген. Басқа да бесік жырларын еске түсіріп ойласаңыздар бәрінің негізі Отанының, елінің ұстасы, шешені, балуан жігіті, ер жүрек азаматы болуын қалауда жатыр. Мысалы, бесікті тербетіп отырып: «Батыр болар ма екенсің», «Ақын болар ма екенсің», «Ұста болар ма екенсің», «Шешен болар ма екенсің», «Кім болып шығар екенсің» жыр жолдары айтылған. Ол біртіндеп бала санасына сіңіп, оның ұғымын, түсінігін кеңейтеді. Бесікте жатқан нәрестенің болашағына осылай мән берген халықтың есейіп үлкейе бастаған балаға айтар тілегі тіпті көп.

«Тұсау кесер» рәсімімен таныстырғанда, ырымның орындалу жолдарына басты назар аударған жөн. Тұсау үш рет кесіледі. Ала жіпті кесілетіні ешкімнің ала жібін аттамай адал болсын дегені, ішекпен кесілетіні елі, халқы тоқ болсын, қайғы жоқ болсын дегені, көк шөппен кесілетіні, осы шөптей қаулап, өсіп өркендей бер деген мақсатпен орындалатынын түсіндіру.

Адамзат дүниеге келген күннен бастап-ақ, ақыл-ой қабілетінің ортаға, өмірге деген көзқарасының дұрыс қалыптасуын реттейтін, белгілі бір жүйеге келтіретін жасөспірімдердің қимыл-әрекет ойындары. Бұл ойындар бір ортада өмір сүруге және өзара қарым-қатынас жасауына себепкер болғандықтан, олардың көпшілігі түнде, ай жарығында, далада ашық алаңда ойналған. Мысалы: «Ақ сүйек», «Алтыбақан», «Арқан тартыс», «Ақ серек», «Сиқырлы таяқ» тағы да басқа ойындар.

Халқымыздың өткен тарихына, өмір айнасына көз жіберіп, өзіміз елеп, екшеп балаларға қолайлы пайдалансақ, қаншама дүниеге қол жеткізген болар едік. Халық ойынын көп ойнаған, халық фольклорынан мол сусындаған бала, сол ойындар арқылы халықтың салт-дәстүріне, туған жерінің табиғат ерекшеліктеріне мән беріп өсері сөзсіз.

«Өресі биік, өрісі кең» өнер атаулының қай саласынан болсын қазақ халқы өзінің көне замандардан бері келе жатқан тамаша тарихымен және бір өзіне ғана тән қайталанбастай ерекшелігімен көзге түседі. Шеберлердің қолынан шыққан ағаштан, теріден, матадан, жүннен жасалған бұйымдар арқылы халық өмірінің сипатын, еңбектің нәтижесін көре білуге, қоршаған дүниеге үңіле қарауға, ой-қиялының ұшталуына әсер етіп, оның жан-жақты дамуының басты құралы.

Қазақ халқы ұлттық киімді қадір тұтқан. Қыз балалардың, әйел адамдардың киімін жұмсақ, нәзік матадан тігетіні нәзіктігі мен әдептілігі үстіндегі киімінен-ақ көрініп тұрған. Етек-жеңінің кең болатыны – қазақтың дархандығы, үрімді-бұтақты екендігі, мейірімі, қонақжайлылығы, даладай кең пейілі, қолының жомартығын білдірген. Қазақ киімінің барша сымбаты ою - өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихы, ой - дүниесінің қайталан- бас көрінісі бар. Ол – біздің ұлттық мәдениетіміз.

Ал бүгінгі ұрпақ осынау өмір сәулетін, халықтан қалған мұраны тиімді пайдалануға үйренсе, олардың өнерге деген қызығушылығы, қолөнерге деген сүйіспеншілігі өрлей берер еді.

Халқымызда ұл балалар, ер адамдар үлкендермен қол ұсынысып, «ассалаумағалейкум» деп амандасқаны, екі бейтаныс адам кездесе, кішісі сәлем берген, үлкені сәлемін алып, жөн сұрасқаны. Үлкен кісі тұрғанда дауыс көтеріп сөйлеуге, сөзін бөлуге болмайтын болған. Сол сияқты «үйге жүгіріп кірме», «малды теппе», «суға түкірме», «нанды баспа», тағы да басқа да тағылымы мен тәлімі күшті сөздер ерте заманнан-ақ қағида болып қалыптасқан. Осындай аталы сөздерді ұрпағының бойына сіңіріп, оларды әдепті етіп, тәрбиелеуге тырысқан. Сонымен әрбір ұстаз халық этикасының маңызды екенін, одан туындайтындай болу үшін халықтық педагогиканың үлгілерін тиімді пайдалана білсе, көздеген мақсатына жетер еді.

Мақал-мәтелдер халық ауыз әдебиетінде көлемі шағын, мазмұны бай, тілі көркем жанрға жатады. Мақал – мәтелдер біріншіден баға жетпес тәрбие құралы болып саналады. Оқушыларды ар-намысты болуға, адамгершілікті қастерлеуге, еңбекшіл, ақыл-парасатты, төзімді, ынсапты, өнерлі, шыншыл, білімді болуға тәрбиелейді, екіншіден мақал-мәтелдер халықтың ұзақ жылдық тұрмыс-тәжірибелерінің қорытындысы негізінде жинақталған ой пікірлерінің ғауһары болып саналады. Сондықтан мақал-мәтелдердің оқушының сөйлеу қабілетін жетілдіруде ролі өте зор.

Қазақ, қазақ болғалы оның бабасы да, баласы да тілді тек қатынас құралы деп тармағына түсінбеген, оны өнер ретінде қастерлеген «өнер алды – қызыл тіл» деп таныған. «Толғауы тоқсан қызыл тіл, сөйлеймін десең өзін біл» - деп тілдің тізгінін тартпаған біздің халқымыз. Егер қазақ «тіл -басты өнер» демесе, сара тіл саясатын жүргізбесе, қазақ халқының бай әрі сан қырлы ауыз әдебиеті дүниежүзілік деңгейге көтеріліп, әлемдік мәдениетінің алтын қорынан орын алмаған болар еді..

Бұл өзге тілді кеміткеніміз емес, әйтседе қазақ тілі түрік тілдерінің арасында ең көрнекті, бейнелі екенін өзіміздің өзгелер бұрын айтқан. Біздің бабаларымыз сол бейнелілікті ғасырлар бойы сақтап келді. Ал қазірше балаларымыздың тілі жадау, бейнелі сөйлей алмайды, тіпті түсінбейді. Ендігі жерде қазақ тілінің мерейі үшін күрестегі біздің - тіл мамандарының да, баршамыздың да міндетіміз – балаларды ойын дұрыс айта білуге баулу.

Сонда қазақ тілінің қасиеті артып, нәрі молаяды. Жастарымыз мінбеге шыққанда, сұхбат бергенде, баяғының билерінше мақалдап сөйлемесе де, айтар ойын айқын, әсерлі жеткізетін дәрежеге көтерілсе, алға қойған бір мақсатымыздың орындалғаны, яғни «Үлкен шаруаның» жүзеге асқаны болар еді. Сондықтан біріміз «шала», біріміз «таза» болып жіктелмей, атадан мұра, ұрпаққа аманат ана тіліміздің абыройы үшін қызмет етсек, тарағанымыз.

Бүгінгі ұрпақ – ертеңгі болашақ, ендеше сол болашақтың бақытты болуы жолында неге болса да дайын болайық, өнер-білімімізді аямайық дегім келеді. Ел болашағына бір кішкене болса да үлес қосайық.

Елді, жерді, Отанды сүйетіндігін жастарымыз сөзбен емес, іспен дәлелдесін. Отаншылдық осыдан басталады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Б.Айтмағамбетова, А.Бейсембаева, Р.Төлеубаева. Педагогика тағылымдары. Алматы. «Рауан» баспасы, 1993 – 33-52 бет.
2. «Бабаңнан саған не қалған!» Құрастырған – Қанат Қайым. Алматы. «Балауса» баспасы, 2002.
3. Казахи, А, 1995.
4. Ата кәсіп, А, 2001.
5. Н.Оралбай, К.Құрманәлиев. Қазақ тілі. Алматы. "Арыс" баспасы, 2007– 162 бет.